

Курпебаева Газиза Кабыловнаның 6D020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» атты тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

«Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбында ұсынылған диссертация – Араб Шығысы елдерінің көпшілігін қамтыған әлеуметтік-саяси тұрақсыздандыру процестеріне қатысты өзекті және күрделі тақырыпта жүргізілген жоғары деңгейдегі ғылыми зерттеу болып табылады. Қазір байқап отырғанымыздай, осы аймақтағы күйзелістер үдерісі бүгінгі күнге дейін аяқталған жоқ. Осындай аласапыран оқиғалардан кейін араб елдерінде жаңа саяси режимдердің қалыптасуы және аймақ елдеріндегі саяси процестердің одан әрі дамуы қазіргі халықаралық қатынастар үшін бірінші кезектегі маңызға ие, өйткені қазіргі әлемде Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағының ықпалы халықаралық қатынастар саласында күшейіп келеді. Ұсынылып отырған диссертацияның Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағында болып жатқан әлі де болса толық аяқталып бітпеген әлеуметтік-саяси үрдісті зерттеу маңыздылығы ғылыми жұмыстың саяси тұрғыдан ғана емес, оның ғылымилығын нақтылайды. Алайда, мұнымен шектеліп қалмайды. Осы аймақты зерттеуге арналған бүгінгі таңдағы көптеген материалдардың көбі «қастандық теориясының» оппортунистік үлгілеріне негізделіп, үстірт жазылған жұмыстар. Қарастырылып отырған жұмыс осы олқылықтың орнын айтарлықтай толтыра отырып, әрине, қазіргі халықаралық қатынастар ғылымының дамуына ықпал етеді.

Диссертация теориялық, аналитикалық, қолданбалы, тіпті болжамдық аспектілері тұрғысынан жаңашыл болып табылады. Автор осы мәселені жүйелі көзқарас шеңберінде зерттей отырып, «араб көктемі» оқиғаларын жан-жақты талдауға және олардың аймақтық және жаһандық қауіпсіздік жүйесіне әсерін анықтай отырып, аймақтық контексте қарастыруға мүмкіндік алады.

Диссертациялық жұмыстың көлемі, мазмұнында қолданылған дереккөздер, бірінші кезекте ресми құжаттар, мерзімді материалдар мен монографиялық зерттеулер диссертациялық жұмыстың өз алдына тәуелсіз жазылған зерттеу екенін көрсетеді. Диссертацияның деректік негіздері жеткілікті және ғылыми әдебиеттерге шолу арқылы барлық жағынан талдау жасалған. Диссертацияда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолданылған әдебиеттер, ресми және басқа да маңызды құжаттар қойылған сұрақтарды зерттеуге және таңдалған тақырыптың мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Диссертант ғылыми жұмысын тыңғылықты, сыни ойлау тұрғысынан зерттеудің маңызды бөлімдерін егжей-

тегжейіне дейін мұқияттылықпен талдауға тырысқан. Курпебаева Газизаның диссертациялық жұмысындағы тұжырымдары дәлелді. Диссертациялық жұмысты жазу барысында отандық және шетелдік құжаттармен қоса, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің еңбектері және статистикалық мәліметтеріне өте жақсы контент-анализ жасалынған. Зерттеу нәтижелерінің негізділігін ізденушінің бірнеше ғылыми салалардағы, соның ішінде тарих, заң, әдебиет мұрағаттарындағы деректер мен тұжырымдарға ғылыми сараптама жасай отырып, ғылыми зерттеу жұмысының жүйелігін нақтылаған.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан және тоғыз тараушадан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қорытындыдан тұрады. Диссертацияның тараулары мен параграфтарына шолу белгіленген мақсат пен міндеттерге қол жеткізгендігін айғақтайды. Автор зерттеушінің позициясын анықтайтын алғашқы ғылыми-теориялық тұжырымдарды жан-жақты және нақты түрде ашқан. Жұмыстың мазмұны қорғауға ұсынылған ережелермен расталады. Мұндай теңдестірілген тәсіл зерттеу деңгейін сапалы жақсартады.

Мұны диссертацияның әр тарауының негізгі ережелерін көрсететін диссертацияның жарияланған мақалалары да растайды. Тақырып өзекті және соңғы жылдары отандық, шетел зертеушілері тарапынан қызығушылық назарын арттырып отыр.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш тараудан, оның әрқайсысы үш тараушадан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қойылған міндеттерді шешу барысында диссертант бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші ғылыми нәтижеде диссертант Курпебаева Газиза араб дағдарысын аймақтандыру концепциясы тұрғысынан қарастырып, оның негізгі теориялық және әдіснамалық негіздеріне талдау жасаған;

Екінші ғылыми нәтижеде отандық және шетелдік зерттеушілерінің концептуалдық көзқарастарындағы «араб көктемін» өркениеттер қақтығысы теориясы тұрғысында қарастыра отырып, кейбір қайшылықты тұстарын нақтылаған;

Үшінші ғылыми нәтижеде «Араб көктемі» оқиғасын Египет, Ливия және Сирия мысалында қарастырып, халықаралық қатынастардың феномені ретінде сипаттаған;

Төртінші ғылыми нәтижеде Египет, Ливия және Сирияның ішкі және сыртқы саяси бағытын араб әлеміндегі революциялық оқиғалардың басталуының негізгі себептері ретінде қарастырып, ішкі қайшылықтардың қайнар көздерін әлеуметтік-саяси, демографиялық алғышарттары мен идеялық түп-тамырларын анықтаған;

Бесінші ғылыми нәтижеде Египет, Ливия және Сириядағы оқиғалардың нәтижелері мен қазіргі кездегі даму барысын анықтап, аймақтағы жағдайдың одан әрі дамуына болжамдық баға берілген;

Алтыншы ғылыми нәтижеде Таяу Шығыс және Солтүстік Африкада болып жатқан оқиғалар аясында Орталық Азияда терроризмнің таралу қаупіне қарсы тұруға бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу маңыздылығын дәлелдеген.

Жетінші ғылыми нәтижеде Араб аймағындағы постреволюциялық саяси режимінің трансформациялануын жаһандық және аймақтық қауіпсіздік тұрғысынан талдаған;

Сегізінші ғылыми нәтижеде Египет, Ливия және Сириядағы мемлекеттік билік дағдарысын шешудегі күштік әдістерді қолдану ерекшеліктерін зерттеген;

Тоғызыншы ғылыми нәтижеде Сирия дағдарысын реттеудегі Қазақстан Республикасының рөлі және «араб көктемі» контекстіндегі исламизмге қарсы әрекет ету тиімділігін арттыру жолдары зерттелген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ғылыми зерттеу жұмысының ізденіс үрдісінде нақты пайымдалған нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі автордың теориялық және әдіснамалық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен, қол жеткізген ғылыми нәтижелердің дәйектілігімен, зерттеу міндеттеріне сай зерттеу әдістерін дұрыс таңдауымен, салыстырмалы талдаудың құндылығымен және оны жүйелі қорытындылай білуімен негізделген.

Бірінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі Зерттеудің теориялық маңыздылығы, ең алдымен Египеттегі, Ливиядағы және Сириядағы революциялық оқиғалардың себептерін, барысы мен салдарын жан-жақты талдаудан тұрады, өйткені осы елдердегі көтерілістердің басталуына себеп болған факторларды зерттеу және «араб көктемін» аймақтандыру концепциясы тұрғысынан зерттеу үшін кешенді көзқарас қажет.

Екінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі отандық және шетелдік зерттеушілерінің концептуалдық көзқарастарындағы «араб көктемі» феноменін талдаудағы деректердің бәрі діни және мәдени сипаттағы қайшылықтардың болғанын жоққа шығармайды. Алайда, олар екі өркениеттің батыстық және исламдықтардың «қайтпас қайшылықтарын» көрсетпейді, тек олардың арасындағы диалогтың дағдарысын көрсетеді.

Үшінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі 2011 жылдың басынан бастап араб әлемінің кейбір мемлекеттерінің саяси режимдерін күштеу арқылы өзгеріске ұшырай бастады. Революциялық саяси трансформация себебінен ішкі мемлекеттегі дағдарыс эскалацияның қауіп-қатерлері, сонымен қатар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың араласуы «Араб көктемі» революциясының параметрлерін зерттеу өзектілігін арттырды. Сондықтанда тұрақсыздыққа алып келген факторлар Египет, Ливия және Сириядағы саяси режим трансформациясын жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Алдымен Египет, Ливия және Сириядағы «Араб көктемі» процесінің саяси алғышарттарын салыстырмалы талдау қажет.

Төртінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі Саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени режим стратегияларының өзара қарама-қайшылығы, ауысу салдарынан болған либерализация жағдайында мемлекет пен

қоғамдық қатынастар және шикізаттан алынатын табыстың жетімсіздігінен мемлекет тарапынан өтем (компенсаторлық) механизмінің жоқтығы, дағдарысты реттеудің инфрақұрылымының әлсіздігі немесе тіптен жоқтығы (саяси бәсекелес, құрылымды оппозиция, сайлау, өкілетті институттар), жастардың демография саласында маңызды өсім үлесінің салмағы және білімді әлеуметтік төселген жаңа жеткіншек жас буынның қалыптасуы, қоғамның бәсекелесі және ротациясы жоқ билеуші элитадан шаршауы, элитаның саяси ресурстарының нашарлауы – осы аталған белгілер Египет, Ливия және Сирияның ішкі және сыртқы саяси бағытын анықтайтын, революцияның негізгі себептері мен ішкі қайшылықтардың қайнар көздерін әлеуметтік-саяси, демографиялық алғышарттары мен идеялық түп-тамырлары болып табылды.

Бесінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі Египет, Ливия және Сириядағы оқиғалардың нәтижелері біріншіден, инновациялық институтционалды кері әсер етуші әлеуметтік-экономикалық даму басталып, артта қалушылықтан арыла бастады. Екіншіден, әлеуметтік салалар трансформацияланды, соның ішінде, өндірістік еңбекті ынталандыру, еңбекке бейімдеу, тұрғылықты халықты қол жетімді білім беру және денсаулық сақтауы саласын қамтамасыз ете бастады. Үшіншіден, аграрлық даму формасынан индустриалды елдер қатарына даму жолын бастауда ірі капитал құю үшін жеке кәсіпке шектеу проблемасы шешілді. Төртіншіден, экономика мен саясаттағы жаһанды тенденцияларды ескере отырып, дамудың «ашық» және «жабық» моделінің арасында таңдау жасалды. «Жабық» модель ішкі ресурстардың мобилизациялануына мүмкіндік берді. «Ашық» модель көбінесе шетел инвестициясына қолдау көрсетеді, ал Ливия регионализация жолымен кеткенін талдап отыр.

Алтыншы ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі Орталық Азия - бұл экстремистік тенденциялар айтарлықтай қауіп төндіретін аймақ. Орталық Азия аймағында экстремизм идеологиясының пайда болуы мен дамуының әлеуетті негізі қалыптасты, ол келесі факторларға байланысты: біріншіден, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін пайда болған идеологиялық вакуум экстремистік идеялардың жаппай және жеке деңгейде тамырлануына ықпал етті. Екіншіден, ақпараттық жаһандану экстремистік мазмұнды бұқараға таратуда маңызды рөл атқарды. Үшіншіден, Орталық Азия республикаларына негізгі қауіп – исламдық экстремизм мен фундаментализм. Халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің Орта Азия елдеріне, атап айтқанда, Қазақстанға төнетін қатерінің деңгейі туралы сарапшылар қауымдастығында консенсус жоқ. Алайда, аймақ мемлекеттері осы күштердің әрекет ету объектісіне айналуы әбден мүмкін, бұл құқық қорғау органдары мен Орталық Азия елдерінің арнайы қызметтері, сондай-ақ ҰҚШҰ мен ШЫҰ аясында алдын-алу шараларын қолдануды талап етеді.

Жетінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі Араб көктемінің бір бөлігінен бастап Ливия дағдарысы Ливия соғысына ұласып, әлемдік саясаттың дербес субъектісіне айналып, Ливияның тағдыры күрт өзгерді. Ливия қазір бүкіл Жерорта теңізіне қауіп төндіретін тұрақсыздық аймағы, барлық ЕО елдері Ливиядағы жағдайды қалыпқа келтіруге мүдделі. Қазіргі уақытта Египет

күрделі тарихи кезеңді бастан өткеруде. Оның мемлекеттік қауіпсіздігі көп жағдайда қарулы күштердің іс-әрекеттеріне және әскери басшылықтың шешімдеріне байланысты. Сирия дағдарысы Таяу Шығыстың қазіргі заманғы тарихындағы ең ұзаққа айналды және аймақтың барлық дерлік елдеріне тікелей әсер етті, тіпті әлі әсер етуде. Көптеген сыртқы және ішкі күштердің қатысуымен болған бірнеше жылдық соғыс жекелеген мемлекеттердегі жағдайға және Сирия оқиғаларына деген көзқарасына әсер етті.

Сегізінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі Ливия мен Сирияда күштеу әдістері Египетке қарағанда көбірек қолданылды. Ливиядағы төңкерістен кейін бірқатар сарапшылар оппозицияның жеңісін Ливия көтерілісшілерін НАТО күштері мен олардың Таяу Шығыстағы одақтастар әскерлері айтарлықтай қолдаумен байланыстырды. Таяу Шығыстағы екі аймақтық билік орталықтарынан және жетекші Батыс және Азия елдерге ықпал ету үшін саяси және экономикалық күрес болуы мүмкін. Аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруі күштердің жаңа конфигурациясының құрылысын болдырмауға мәжбүр етеді. Қалыпты исламдық саяси қозғалыстармен және партиялармен саяси, діни және мәдени байланыстарды дамыту және сол арқылы ислам әлемімен стратегиялық өзара іс-қимылды кеңейту қажет.

Тоғызыншы ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі Сирия дағдарысын реттеудегі Қазақстан Республикасының рөлі талқыланып зерттелді. Астана процесі 2016 жылдың соңында, Сириядағы ушыққан жағдайға қатысты пайда болды. Сирия мәселесі бойынша барлық тараптар келіссөздер қажет екенін түсінді, бірақ 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Женева мен Венадағы кездесулер ешқандай нәтиже бермеді. Сирияда президент Асад үкіметіне қарсы тікелей соғысқан қарулы оппозиция келіссөздерді бастауға келіскен, бірақ Мәскеуге барудан бас тартқан.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші нәтиже жаңа

Араб дағдарысын аймақтандыру концепциясы тұрғысынан зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздеріне талдау жасалған. Араб елдеріндегі әлеуетті тұрақсыздық деңгейі тұрғысынан 2011 жылғы аймақтық дағдарыс аясында саяси режимдердің типологиясы құрастырылған. С. Хантингтон мен Р. Миллз ұғымдарының элементтерінің комбинациясы араб елдеріндегі режимге қарсы көріністерді зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде пайдаланылған.

Екінші нәтиже жаңа

Таяу Шығыстағы саяси процесті бағалау үшін отандық, шетелдік сарапшылардың көзқарастары және олардың жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептері туралы авторлық талдау жасалынған.

Үшінші нәтиже жаңа

Араб көктемі оқиғалары кезіндегі әлеуметтік-саяси тұрақсыздық факторын корреляция және бірнеше регрессиялық талдау әдістерін салыстырмалы түрде қолдана отырып талданған. Теорияларды және әртүрлі әдістерді зерделеу арқылы нақты аймақтағы әртүрлі процестердің себептері мен динамикасын

талдай отырып, диссертант болжамдық сценарий мен авторлық тұжырымдамаларын құруға талпынған.

Төртінші нәтиже жаңа

Революциялық саяси трансформация себебінен ішкі мемлекеттегі дағдарыс эскалацияның қауіп-қатерлері, сонымен қатар, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың араласуы «Араб көктемі» революциясының параметрлерін зерттеу өзектілігін арттырды. Сондықтан тұрақсыздыққа алып келген факторлар Египет, Ливия және Сириядағы саяси режим трансформациясын жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Диссертацияда автор Египет, Ливия және Сириядағы «Араб көктемі» процесінің саяси алғышарттарын салыстырмалы талдау арқылы араб көтерілістерінің саяси астары авторитарлық және тоталитарлық режимдердің негізгі сипаттамаларын, әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын, аймақ елдерінің саяси режимдерімен де байланыстырған.

Бесінші нәтиже жаңа

Египет, Ливия және Сириядағы оқиғалардың нәтижелері мен қазіргі кездегі даму барысын анықтап, аймақтағы жағдайдың одан әрі дамуына болжамдық баға берілген. Араб мемлекеттерінің либералды және тәуелсіз ұлттық саясаты, аймақтық саясат саласындағы үлкен тәуелсіздікпен бірге, сыртқы күштердің Солтүстік Африкадағы үрдістер мен оқиғаларды анықтау қабілетінің айтарлықтай төмендеуін атап көрсеткен. Каир, Бағдад және Дамасктың Араб Шығыстағы саяси алдыңғы қатардағы жетекші ойыншы ретіндегі жандануы, Иранның жақында араб әлеміндегі беделі мен ықпалын арттыру түріндегі артықшылықтарын жоғалтуы әбден мүмкін екендігіне автор саяси болжам жасаған. Аймақтық көшбасшы ретіндегі Түркияның жаңа мәртебесінің өсуі, «өркендеу исламизациясының» қаупі, қоғамдық өмірдегі және заңнамалық саладағы исламдық, содан кейін исламдық тенденциялардың күшеюін талдайды.

Алтыншы нәтиже жаңа

Таяу Шығыс және Солтүстік Африкада болып жатқан оқиғалар салдарының аясында Орталық Азияда терроризмнің таралу қаупінің маңызды себептерін нақты көрсеткен. Араб елдерінің өміріндегі, ең алдымен саяси саладағы ислам рөлінің күшеюі, экстремизм орталықтарының пайда болуымен ұлттық шекаралар арқылы өтпекші болған ауқымды азаматтық соғыстардың басталуы, нәтижесінде радикалды исламизмнің әсері таралуы мүмкін. Диссертант Курпебаева Газиза аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруі күштердің жана конфигурациясының құрылысын болдырмау үшін қалыпты исламдық саяси қозғалыстар және партиялармен саяси, діни және мәдени байланыстарды дамытып, сол арқылы ислам әлемімен стратегиялық өзара іс-қимылды кеңейту қажет екенін талдайды.

Жетінші нәтиже жаңа

Зерттеліп отырған елдердегі әлеуметтік толқулар аймақтағы халықаралық катынастар құрылымының өзгеруіне, Таяу Шығыстағы және әлемдегі шиеленістің одан әрі ушығуына катализатор бола алатындығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, талдау үшін таңдалған үш ел зерттеушіге аймақтық қауіпсіздікке

төнетін қатерлердің пайда болуы мен өршуінің үш түрлі, яғни, «Египет» «Сирия» және «Ливия» моделін құрастыру арқылы талдайды.

Сегізінші нәтиже жаңа

Египет, Ливия және Сириядағы мемлекеттік билік дағдарысын шешудегі күштік әдістерді қолдану ерекшеліктерін зерттеген. Соның ішінде, НАТО күштері, Ресейдің, АҚШ-тың, Қытайдың, Түркияның Таяу Шығыстағы дағдарыстарды шешудегі ұстанымдарын, Иран, Сауд Арабияның Таяу Шығысқа қатысты мүдделері нақты материалдармен қарастырылған. Араб көтерілістерінің басталуынан бірнеше жылдар өтседе, Таяу Шығыстағы қалыптасқан саяси тәртіппен әлемдік деңгейдегі геостратегиялық конфигурацияда ұлттық деңгейде әр елде әлі де елеулі өзгерістерге ұшырайтынын диссертант талдайды.

Тоғызыншы нәтиже жаңа

2017 жылдың қаңтарынан 2019 жылдың мамырына дейін өткен 11 турдан кейін айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Астана процесінің ерекшелігі – бейбіт реттеу туралы келіссөздер алғаш рет дәстүрлі еуропалық астаналардан, мысалы, Женева, Вена, Париж сияқты алыс жерде ұйымдастырылғандығында. Астана процесі де белгілі бір дәрежеде Ресей мен Түркия арасындағы қатынастардың жақсаруына ықпал етті. Елбасы осы екі ел президенттерінің татуласуына өз үлесін қосты. Сирия мәселесіне қатысты Қазақстан тарапынан болған «Жусан» операциясын дайындауға белгілі бір үлесті қосты. Соғыс аймақтарында болған адамдардың біздің елде әртүрлі деструктивті күштерге айналуы мүмкін екендігін ескерту арқылы автор олармен жұмыс жасау үшін оңалту орталықтарында арнайы кәсіби мамандардың жұмыс істеуі керек екендігін, Қазақстанда исламның радикалдануының алдын алу және жастарымызды осы келеңсіздіктер туралы ескерту үшін мемлекеттік деңгейде іс шаралар ұйымдастырылуы керек екенін талдайды.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін ізденушінің қол жеткізген тұжырымдары толығымен қамтиды. Әрбір ғылыми тұжырымдардың ғылыми негізділігі зерттеушінің жан-жақты ғылыми теориялық-әдіснамалық әдістерді қолданудағы диалектикасымен нақтыланады. Әр тарауда қарастырылған мәселелердің мазмұны мен логикалық байланысының бірізділігі ғылыми жұмыстың тиянақты зерттелгенін дәлелдейді.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі теориялық және практикалық тұрғыда өзара тығыз байланыстылығымен, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің диссертациялық ішкі мазмұнын толық қамтамасыз етуімен, қазіргі кездегі халықаралық қатынастар саласында алатын рөлін салыстырмалы талдануымен ерекшеленген.

Зерттеу жұмысының нәтижесі салыстырмалы талдау барысында айқындалып, оның кезеңдерінің бірізділігімен, әдіс-тәсілдерінің тиімділігімен ерекшеленеді. Диссертация құрылымының жүйелілігі, ізденушінің дайындаған ғылыми-теориялық және әдіснамалық жүйесі нақты тұжырымдармен, ұсыныстармен дәлелдеген.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық зерттеу жұмыста 2010-2011 жылдардағы Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағында орын алған «араб көктемі» оқиғаларының әлеуметтік-саяси алғышарттары сарапталып, осы дағдарыстың жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке қатысты салдары зерделенген. Осы ретте, «араб көктемі» феномені отандық және шетелдік зерттеушілердің концептуалдық көзқарастары тұрғысынан салыстырылып, өркениеттер қақтығысы теориясы тұрғысында талданған. Диссертациялық зерттеу жұмыста араб аймағындағы постреволюциялық саяси режимінің трансформациялануын және осы аймақтағы мемлекеттік билік дағдарысын шешудегі күштік әдістерді қолдану ерекшеліктері сарапталған. Египет, Ливия және Сириядағы «араб көктемі» оқиғаларының нәтижесі аймақтық және жаһандық қауіпсіздік контекстінде талданып, Сирия дағдарысын реттеудегі Қазақстан Республикасының рөлі қарастырылған.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыс Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру басқармасы, кәсіби халықаралық қатынастар кафедрасында орындалды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндалды. Ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша 11 мақала, соның ішінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда – 1, халықаралық конференциялар материалдарында – 5 мақала жарияланды.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

1. Осы ретте мен диссертацияның бірқатар даулы тұжырымдарына назар аударғым келеді. Ең алдымен, назар автордың бейімділігіне негізделген детерминизмге, сондай-ақ диссертациялық зерттеу барысында эмоционалды және құндылықтық пайымдардың қолданылуынан аулақ болу керектігін айтқым келеді.

2. Египеттегі оқиғалар кезінде билікке «шариғат нормаларына негізделген қоғам құра алатын» мұсылман бауырлар «радикалды ұйымының жетекшілері» деген тұжырым нақты емес. Біріншіден, мұсылман бауырлары» радикализмі туралы мәселе бұрыннан бері даулы болып келеді, тіпті Египет қоғамында да олар туралы біржақты түсінік жоқ. Екіншіден, 25 қаңтардағы төңкерістен кейін Египетте билікке келгеннен кейін «Мұсылман бауырлар» Хазем Библавидің басшылығымен технократиялық үкімет құрды, ол исламдық «тәртіп» орнатудан алыс, теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізді. Сонымен қатар, 2012 жылы Мұхаммед Мурсидің президенттігі кезінде қабылданған Египет конституциясы Египеттің ең зайырлы негізгі заңдарының бірі болып саналды.

Бұл жерде автордың «мұсылман ағайындыларының» Египетте билікке келуі «Батыспен тұрақты экономикалық қатынастарға бағытталған копт

қауымдастығын ығыстыруға» ықпал етті деген пікірі толыққанды емес, себебі ЕО елдері мен Америка Құрама Штаттары 2013 жылы заңды түрде сайланған президент М.Мурси биліктен қуылған кездегі әскери төңкерісті қатаң айыптады.

3. Автор өзінің саяси зерттеуінде Катар мен Сауд Арабияның позицияларында атап өтеді. Ар Рияд пен Доха 5 радикалды топтарға көмектесті деген тұжырымдар бар. Ал Сауд Арабиясы өздерінің ішкі саяси тұрақтылығына төніп отырған қауіптің бірі ретінде осы «мұсылман бауырларынан көреді».

Алайда, айтылған ескертулер диссертацияның жалпы сапасын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың құндылығын төмендетпейді. Қорытындылай келе, Курпебаева Газиза Кабыловнаның ғылыми жұмысы міндеттері анықталған нәтижелерге қол жеткізілген толығымен аяқталған жұмыс болып саналады. Бұл маңызды ғылыми және практикалық маңызы бар өзекті проблема шешіле алатын біліктілікпен аяқталған зерттеу жұмысы деп айта аламын. Диссертацияның ғылыми ережелері мен тұжырымдарының негізділігі нақты ғылыми әдістерді қолдану арқылы анықталған. Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелер автордың халықаралық қатынастар саласындағы зерттеулерге қосқан жеке үлесі деп есептеймін.

9. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Ізденушінің диссертациялық жұмыс тақырыбы өзекті, жұмыстың ғылыми ережелері негізді, ал оның ұсыныстары мен тұжырымдары сенімді және ғылыми жаңалығы орынды болып табылады.

Курпебаева Газиза Кабыловнаның «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сай келеді және оның авторы 6D020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент

саяси ғылымдарының докторы,

КЕАҚ «Торайғыров университетінің»

«Әлеуметтік ғылымдар, журналистика

және ақпарат» кафедрасының профессоры



А.А. Ақышев

А.А. Ақышевтың қолын растаймын

КЕАҚ «Торайғыров

университетінің»

ҒЖ және ХҚ жөніндегі проректоры



Н.Т. Ержанов